







**Сынып жетекші: Ахунбекова Айнур Абдуллақызы**

<i>Тәрбие сағаты</i>	
<i>Күні</i>	17.10.2022ж

<b>Сынып жетекші:</b>	Ахунбекова Айнура Абдуллақызы	
<b>Облыс аудан</b>	Түркістан облысы Ордабасы ауданы	
<b>Сабақтың тақырыбы: Э</b>	«25 қазан-Республика күні»	
<b>Сабақтың мақсаты:</b>	1.ҚР мемлекеттік мерекелері туралы мәлімет беру; 2.Республика күнінің маңыздылығын түсіндіру; 3.Отаншылдық құрмет құндылығын дарыту;	
<b>Құндылықтарды дарыту</b>	Білім алушылардың бойына туған еліне деген құрмет пен отаншылдық құндылығын дарыту	
<b>Ресімдеу</b>	тапсырмалар жасасырылған суреттер	
<b>Музыкалық және бейне көркемдеу</b>	интерактивті тақта, слайд	
<b>Үлестірмелі материалдар</b>	Суреттер	
<b>Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер</b>	Презентация	
<b>Дайындыққа арналған әдебиет</b>	Интернет материалдары	
<b>Сабақтың барысы</b>		

<b>Сабақтың кезеңі/ уақыт</b>	<b>Мұғалім әрекеті</b>	<b>Оқушы әрекеті</b>	<b>Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары</b>
Ұйымдастыру кезеңі (7 мин)	<p>Бүгеліметсіздерме, оқушылар!</p> <p>Біз ел дамуының жаңа басымдықтарын белгілеп алуымыз керек! Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтруды ұсынамын.</p> <p><b>(ҚР Президенті Қ. Тоқаев)</b></p> <p><i>Бойыма рух, жігер берген, Әнұраным айтар әнім...</i></p> <p>Кез келген ел азаттыққа қол жеткізген күнін ардақ тұтады басқа мерекелерден айрықша қастерлейді. Қазақстан биыл алғаш рет «25 қазанды ұлттық мереке» ретінде атап өтпек. Ол мейрам «Республика күні» деп аталады. Қазақстан бұл мерекеден 2009 жылы бас тартқан болатын. Міне, 13 жылдан соң, президент Республика күнін қайтарып, оған жаңа маңыз бен мазмұн берді.</p>	<p>Оқушылар мұғаліммен амандасады, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады.</p>	Презентация
Сабақ басы (13 мин)	<p>1990 жылы қазан айының 25-і күні <a href="#">Қазақ КСР</a> Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қаз КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Сол сәттен бастап-ақ егеменді Қазақстан өзіндік көзқарасы бар жеке мемлекет ретінде таныла бастады. Қабылданған декларация Қазақстанның болашақ тәуелсіздігінің іргетасы саналды. Бұл</p>	<p>Телефон арқылы сканерлеп ақпаратпен танысу</p>	Телефон (QR код)

	<p>акт арқылы әлем картасындағы жаңа мемлекет – Қазақстан Республикасының негізі қаланды. Қазір бұл күн мемлекеттік масштабта атап өтіліп, мереке ретінде тойланады. 2001 жылы 13 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» №267 заң бойынша бұл күн мемлекеттік мерекелер қатарына қосылды.</p> <p>Қыркүйек айының ортасында Қазақстан Республикасының парламенті "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" заңға түзетулер енгізді. Құжатқа сәйкес, Республика күні яғни 25 қазан – ұлттық мерекеге, ал Тәуелсіздік күні яғни 16 желтоқсан – мемлекеттік мерекеге айналды.</p>		
<p>Ортасы (20 мин)</p>	<p><b>Сұрақ жауап:</b></p> <p>1. Әнұранның сөзі мен өленінің авторларын ата ? (сөзі: Жұмекен Сабырұлы Нәжімеденов., Н.Ә.Назарбаев; композитор: Ш.Қалдаяқов 2006 ж)</p> <p>2. Республика күні қай жылы қабылданды ? ( 1990 жылы 25 қазанда)</p> <p><b>Анаграмма ойыны:</b>  а қ с а н т қ з а - <b>қазақстан</b>  к т і ә д у з е і л с - <b>тәуелсіздік</b>  а р к е с и л п б у - <b>республика</b>  б к і е л й і б ш і т - <b>бейбітшілік</b>  н о а т - <b>отан</b>  н ә н ұ а р - <b>әнұран</b>  у т - <b>ту</b>  а е б л ң т а - <b>елтаңба</b>  т п н р е д з и е - <b>президент</b>  қ х ы а л - <b>халық</b>  р т е у ж н а ғ – <b>туған жер</b></p>	<p>Оқушылар сұрақтарға жауап білдіреді</p>  	<p>Суреттер</p>
<p>Соңы</p>	<p>Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас.</p> <p>Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.</p> <p><b>Нұрына шомылдырып алтын күннің, Республикам ертеңге талпындырдың. Өзінен шабыт алып ақын қиял, Шалықтап кең далада шалқып жүрмін.</b></p> <p><b>Егемен елім десем, сенім кіріп,</b></p>	 	<p>презентация</p>

*Бойымды билеп кетер сенімділік.  
Ешкімге ауыстырмас алтын Отан,  
Жырлаймын қасиетіңді төгілдіріп.*

*Жарқырап жанған күндей азаттығы,  
Көрінер ұлтымның да гажаптығы.  
**Республика күнімен** құттықтаймын,  
Өйткені ол - Ұлт күні, Қазақ күні!*